



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ


## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 23 сәуір

### 2019 жылғы 3 ай ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша есептелген инвестициялық кіріс 112 млрд теңгеден асты


**Жалпы портфель.** БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясына сәйкес сақтауды және кірістілікті қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді әртараптандыру мақсатында зейнетақы активтері валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының әр түріне инвестицияланады.

2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің көлемі **9 641,3 млрд теңге** болды. Теңгемен номинирленген ақша қаражаты мен қаржы құралдары **6 518,4 млрд** теңгені немесе 67,6%-ды, шетел валютасында номинирленген – **3 122,9 млрд** теңгені немесе 32,4%-ды құрады.



**Теңгемен номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.** БЖЗҚ-ның теңгемен номинирленген зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес жыл сайын мақұлдайтын бағыттар шеңберінде ғана инвестицияланады.

### Теңгедегі портфельдің құрылымы



**Теңгемен инвестициялар.** 2019 жылғы наурызда теңгемен номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **89,50 млрд теңге** (ақша нарығы құралдарына инвестицияларды есептемегенде<sup>1</sup>) болды, оның ішінде:

- орташа алынған кірістілігі жылдық 8,7%-бен 46,0 млрд теңге сомаға ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды;
- 600 млрд теңге сомаға ұзақ мерзімді теңгемен өтімділікті қамтамасыз ету жөніндегі жарияланған бағдарлама шеңберінде орташа алынған кірістілігі жылдық 10,95%-бен жалпы сомасы 43,5 млрд теңгеге «АТФБанк» АҚ-тың және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың облигациялары сатып алынды.

Қарастырылып отырған кезеңде теңгемен бос ақша қаражаты ақша нарығының қысқа мерзімді құралдарына да орналастырылған. Бұл ретте осы инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсаты болып табылмайды және зейнетақы активтерінің кірістілігін қолдау үшін ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде жүзеге асырылады.


**Теңгемен өтеу және сату.** 2019 жылғы наурызда бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісінде белгіленген талаптарға сәйкес, ҚР ЕДБ облигацияларының негізгі борышы 3,7 млрд теңге сомаға ішінара өтелді, сондай-ақ 0,25 млрд теңге сомаға «АЗНО» АҚ-тың жай акциялары сатылды.

Қаралып отырған кезеңде банктік салым шарттарында белгіленген талаптарға сәйкес депозиттер бойынша негізгі борыштың жалпы сомасы 0,17 млрд теңгеге ішінара өтелді.

**Шетел валютасымен номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.** БЖЗҚ-ның шетел валютасымен номинирленген зейнетақы активтері БЖЗҚ-ның Инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық активтердің жалпы құрылымына және инвестициялау стратегиясына сәйкес инвестицияланады.

<sup>1</sup> ҚРҰБ ноттары мен депозиттері, ҚР МБҚ кепілімен «Валюталық своп» және «Кері репо» операциялары

## Валюталық портфельдің құрылымы



**Шетел валютасымен инвестициялар.** 2019 жылғы наурызда шетел валютасымен номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **346,9 млрд теңге** болды. Аталған көлемге жылдық 2,5% орташа алынған кірістілікпен АҚШ Үкіметінің МБҚ сатып алынды.

### **Шетел валютасында өтеу және сату.**

2019 жылғы наурызда бағалы қағаздардың эмиссиясы проспектілерінде белгіленген мерзімдерге сәйкес 158,9 млрд теңге жалпы сомаға АҚШ Үкіметінің МБҚ бойынша негізгі борышты өтеу жүргізілді.

Қарастырылып отырған кезеңде 29,8 млрд теңге сомаға (78,9 млн АҚШ доллары) Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің МБҚ-ның бір бөлігін сату жүргізілді.

Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің МБҚ ерікті қайта құрылымдау шеңберінде 2014 жылы сатып алынған зейнетақы активтері портфеліндегі Әзірбайжан Халықаралық Банкінің (бұдан әрі – АХБ) облигацияларын айырбастау нәтижесінде алынды. Айырбастау күніне МБА облигацияларының жиынтық ағымдағы құны 71,37 млрд. теңге құрады, ал Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің МБҚ құны есепке алу күніне 75,97 млрд. теңгені құраған. Айырбастау мәмілесінен қайта құрылымдаудан түскен кіріс ретіндегі оң әсер 4,6 млрд. теңгені немесе 13,65 млн. АҚШ долларын құрады. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінде есепке алуды тану күніне Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағалы қағаздары номиналдың 87,26%-ын құраған.

МБА-ның 2017 жылғы 1 қыркүйекте аяқталған өзінің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдау жүргізуімен байланысты Ұлттық Банктің Тәуекелдер комитетінің ұсынымы бойынша Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағалы қағаздарына және Әзірбайжан Республикасына инвестициялау лимиттері нөлдік деңгейде белгіленді, сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын мәміле жасау сәтіне нарықтық баға белгілеу аясында, алайда номиналдық құннан 87,26%-ды есепке алудың ең аз «таза» бағасынан төмен емес сату туралы шешім қабылданды.

Қолайлы нарықтық конъюнктураның болуын ескере отырып, Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағалы қағаздарын номиналдан 87,46% орташа

алынған бағаға 78,9 млн. АҚШ долларына сату жүзеге асырылды, ол осы бағалы қағаздардың есепке алу бағасынан асып түседі.

МБА облигациялары бойынша иелік ету кезеңі ішіндегі АҚШ доллармен есептелген кіріс шамамен 27,5 млн. АҚШ долларын немесе 11,0%-ды (жылдық 3,7%), теңгемен – 45,6 млрд. теңгеге жуық немесе 100,4%-ды (жылдық 23,5%) құрады.

Әзербайжанның МБҚ бойынша иелену кезеңіндегі АҚШ долларымен есептелген кіріс шамамен 13,3 млн АҚШ долларын немесе 5,1%-ды (жылдық 3,5%), теңгемен есептелген кіріс – шамамен 13,8 млрд теңгені немесе 14,8%-ды (жылдық 10,1%) құрайды.

2014 жылы АХБ облигациялары сатып алынған сәттен бастап номиналынан 87,26%-дан төмен емес «таза» бағасы бойынша БҚ өткізілген күнге дейін, барлық алынған сыйақылар есебімен кірістіліктің таза ішкі мөлшерлемесі (IRR) 4,0%-ды құрайды.

**Инвестициялық қызметтің нәтижелері.** 2019 жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық кірістің мөлшері **112,6 млрд теңгені** құрады. 2019 жылдың басынан бастап зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген кірістілігі 1,02% болды.

Бұл ретте 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін соңғы 12 айдағы (2018 жылғы сәуірден бастап 2019 жылғы наурызға дейін) зейнетақы активтерінің кірістілігі 4,80% мөлшеріндегі инфляция кезінде **11,46%-ды** құрады. Осылайша, соңғы 12 айда БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **6,66%-ды** құрады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)